



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№23 (775) Сәрсенбі 8 маусым 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

ПРЕЗИДЕНТТІҢ РЕФЕРЕНДУМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖАСАҒАН ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Кеше елімізде айрықша мәні бар тарихи оқиға болды. Мемлекетіміз дамуының жаңа кезеңіне қадам басты. Ата заңымызға ұсынылған өзгерістерді азаматтардың басым көпшілігі қолдады. Референдум жоғары деңгейде өтті. Мұны халықаралық және отандық байқаушылар да айтып жатыр. Конституциялық реформалар қоғамда қызу талқыланды. Дауыс беру барысы демократия талаптарына сай өтті. Ешқандай мәжбүрлік болған жоқ. Референдум нәтижесі саяси жаңғырудың анық символына айналды. Азаматтарымыз зор жауапкершілік танытты және отансүйіштік қасиетін паш етті. Біз Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы бірлігіміз бекем екенін көрсеттік. Конституциялық түзетулер мемлекеттіміздің тұғырнамасын түбегейлі өзгертті. Бүкіл қоғамның дамуына тың серпін берді. Референдумға белсене қатысып, қолдау білдірген барша халқымызға зор ризашылығымызды білдіреміз. Сондай-ақ, конституциялық өзгерістердің мән-маңызын түсіндіруге атсалысқан азаматтарға, түрлі қоғамдық ұйымдарға алғыс айтамын.

Референдум еліміздің тарихындағы маңызды белес болды. Ұлтымыздың шынайы өзгерістерге деген дайындығы мен ұйымшылдығын көрсетті. Дауыс беруге азаматтарымыздың белсенді қатысуы қоғамымыздың кемелдігі мен жауапкершілігін білдіреді. Сайлау уақытына келіп, елімізді жаңғырту бастамасын қолдағандардың бәрине алғыс айтамын.

Сіздер нағыз патриотизмнің үлгісін көрсетіп, Қазақстанның дәйекті дамуына зор үлес қостыңыздар. Еліміз үшін осы бетбұрысты сәтте заңды құқықтарын пайдаланып, өздерінің ұстанымдарын айтқан бүкіл азаматқа ризашылығымызды білдіреміз.

Ата заңға өзгерістер енгізу реформаларымыздың соңғы сатысын емес, енді басталғанын білдіреді. Біз елімізді жан-жақты жаңғыртуды жалғастырамыз. Жаңартылған Конституция негізінде биліктің барлық институты қызметінің мейлінше тиімді моделін қалыптастырамыз. Олардың арасындағы үйлесім мен тепе-теңдік механизмін нығайтамыз. Дәйекті саяси жаңғыру ұлттық экономиканы дамытуға, ұлттық кәсіпкерлікті нығайтуға ықпал етеді.

Енді біздің алдымызда ашық әрі әділетті экономика құрып, заңнамаға реформа жүргізу міндеті тұр. Қолдан жасалған монополияларды түбегейлі жойып, сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою маңызды. Біз кәсіпкерлердің бастамаларына қолдау көрсетіп, жекеменшікті сақтап, бәсекелестікті күшейтуіміз керек.

Алдымызда экономиканы шынайы әртарапандыру бойынша ауқымды жұмыстар тұр. Жоғары өнімді ауыл шаруашылығы мен қуатты көлік-логистика жүйесін дамыту, барлық салада цифрлық экономайе қалыптастыру



үшін шаралар қабылдау қажет. Еліміздің орнықты дамуының негізгі қозғаушы күші еңбек, білім және азаматтық белсенділік болуға тиіс. Тек сонда ғана өзін-өзі қамтамасыз ететін орта тап пен тиімді экономика қалыптастыра аламыз. Бұндай экономика кірісті әділетті бөлуге, сапалы жұмыс орнын ашуға, тұрмыс сапасын тұрақты арттыруға және барлық азаматтардың толыққанды жетілуіне мүмкіндік береді.

Мемлекеттік аппаратты жаңғыртып, бюрократиядан барынша арылту үшін жүйелі жұмыс жалғасады. Біз қоғамның барлық өкілдерінің талап-тілектеріне жауап беретін озық мемлекет құруымыз керек. Басқару жүйесінің тиімділігі жұмыстың барысымен емес, түпкі нәтижемен өлшенетін болады. Мемлекеттік аппарат бизнеспен, үкіметтік емес ұйымдармен және азаматтармен тығыз жұмыс істеуге баса назар аударуға тиіс. Сол арқылы ел мүддесіне сай тиімді шешімдер қабылданып, халыққа көрсетілетін қызмет сапасы жақсара түседі. Мемлекеттік қызметкерлер барынша ашық жұмыс жүргізіп, халыққа шынайы есеп беруі керек.

Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке бастың бақ-

дәулетін арттыратын жер емес. Бұл – туған халқының алдында айрықша жауапкершілік арқауы деген сөз.

Конституциялық реформа бүкіл құқық саласын жаңғыртуға жол ашады. Парламент пен Үкімет Конституцияға енгізілген өзгерістерге сай Заңнамаға тиісті өзгертулер енгізуі қажет. Қазақстанда тиімді құқық қорғау және сот жүйесін құруға мүмкіндік беретін реформалар әзірленуге тиіс. Мұны әлемдік тәжірибені ескере отырып жүзеге асырған жөн.

Біз қоғамның және бизнес өкілдерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға сұранысы арта түскенін көріп отырмыз. Елімізге азаматтар мен кәсіпкерлерді барынша қорғайтын құқық жүйесі қажет. Заңнамада мемлекетіміздің тұрақты дамуын тежейтін ешбір кедергі қалмауға тиіс. Заман талабына сай келмейтін және құман тұғызатын нормалардың бәрі күшін жоюға тиіс.

Еліміздің экономикалық ресурстарын шағын ғана топтың қолына шоғырландырып, оларға артықшылық берген заңнаманы қайта қарау қажет. Елден жылыстатылған қаржыны және заңсыз жекешлендірілген активтерді мемлекеттің иелігіне қайтару жөнінде Мекемеаралық комиссия құрылды.

Бұл үшін мен арнайы Жарлыққа қол қойдым.

Біз адам құқығы мен бостандығын қорғау жүйесін кешенді түрде күшейтуге негізделген бағдарымызды жалғастыра береміз. Құқықтық реформа аясында Конституциялық сот қайта құрылады. Оның қаулыларына жедел әрекет ету тетігін енгізу қажет. Сонда азаматтарымыз осы аса маңызды институт қызметінің пайдасын сезіне алады. Жаңа, Әділетті Қазақстанда полицейлердің озбырлығына, біліктісіз прокурорлар мен біржақты судьяларға жол берілмейді. Қоғам құқық қорғау және сот жүйесінің шын мәнінде өзгергенін қалайды.

Мен елімізді дамытудың осы және басқа да мәселелері бойынша нақты шешімдерді қыркүйек айында өтетін Парламенттің кезекті сессиясының ашылуында айтамын.

Қастерлі Тәуелсіздігімізді, ел бірлігін және қоғамдық келісімді нығайту – біздің негізгі міндетіміз. Бұл реформалар құр атақ-абырой үшін қолға алынған жоқ. Мұның бәрін Жаңа, Әділетті Қазақстан құру үшін жасап жатырмыз. Халқымызда «Көңесіп пішкен тон келте болмайды» деген сөз бар. Бабаларымыз маңызды мәселені алқалы жыныда шешкен. Мен осы дәстүрді жаңғыртып, Ұлттық құрылтай құру туралы бастама көтердім. Оған қоғамның түрлі топ өкілдері, беделді әрі белсенді азаматтар шақырылады. Құрылтайдың алғашқы отырысы ұлт ұясы – Ұлытауда өткізіледі. Осылайша, азаматтардың мемлекет ісіне атсалысу мүмкіндігі арта түседі. Шын мәнінде, еліміздің тағдыры – әрқайсымыздың қолымызда.

Біз қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін түбірімен жаңғырту біліміміз керек. Сонда ғана барлық салада түбегейлі өзгеріс жасай аламыз. Жаңа Қазақстанның ең басты байлығы – халық. Ал, ең негізгі мақсаты – азаматтардың бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету. Әрбір азаматымыз саяси өзгерістер мен экономикалық өсімнің жемісін көруі қажет. Құрғақ уаде мен бос сөз ешқандай апармайды. Мен үшін нақты іс пен шынайы өзгеріс бәрін маңызды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бар күш-жігерімді саламын.

Референдум қорытындысы біздің мемлекеттіміздің тарихында мүлде жаңа дәуір басталғанын көрсетеді. Халқымыз өз таңдауын білдіру арқылы түбегейлі бетбұрыс жасауға ұмтылысын көрсетті. Жасамап ел болуға деген ықылас-ынтасын байқатты.

Елімізді дамыту үшін әлі де көп жұмыс атқаруымыз керек. Бүкіл ел болып жұмысқа, көздеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Бүгін тәуелсіз Қазақстанның даму тарихында жаңа дәуірге жол ашылды. Осы жолда бірлігіміз әрдайым бекем болсын!

Жаңа Қазақстанды бәріміз бірге өркендетейік, ағайын!



ТАҢБАСЫ ТАРИХ, БАЙРАҒЫ БИІК – ҚАЗАҚСТАН!

Сыр елінде Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына арналған «Таңбасы тарих, байрағы биік - Қазақстан!» атты патриоттық акция ұйымдастырылды. Рәміздер алаңында өткен мерекелік іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, зиялы қауым өкілдері, өнер саласының қызметкерлері мен белсенді жастар қатысты.

Аймақ басшысы барша Сыр жұртын мерекемен құттықтап, мемлекеттік рәміздер Тәуелсіздіктің баға жетпес құндылығы екенін жеткізді.

- Сіздерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің қабылданғанына 30 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын! Кез келген елдің елдігін, мемлекеттің мәртебесін айқындайтын басты құндылықтары, ол – шекарасы, астанасы және мемлекеттік рәміздері.

Ту, Елтаңба және Гимн Қазақстан Республикасының дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы әрі

мемлекетіміздің өткені мен бүгінгі және болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын көрінісі.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Елтаңба, Ту, Өнұран – Тәуелсіздігіміздің басты құндылықтарының көрінісі, бейбітшіліктің, бірлік пен келісімнің, өсіп-өркендеудің белгісі», - деп айтқандай, көгімізде Көк Байрағымыз асқақтап, тулар тұрпатты Елтаңбамыз жарқырап, Гимніміз шарықтай берсін, Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын! Мемлекеттік Рәміздеріміздің мәртебесі арта берсін!», - деді Н.Нәлібаев.

Жыныда облыс әкімі тәуелсіздік еліміздің Елтаңбасы

авторларының бірі, танымал сәулетші жерлесіміз Жандарбек Мәлібековтың мерейлі 80 жасына орай Сыр елінде айтулы шаралар ұйымдастырылатынын атап өтті.

Патриоттық акцияда үш дүркін «Алтын домбыра» иетері, айтыстың Ақтангері, Сыр сүлейі Мұхтар Ниязов, Сыр толағайы, әлем чемпионы Илья Ильин, химия-биология бағытындағы халықаралық, республикалық олимпиаданың жүлдегері Жангерей Зинелов ұлтты ортақ мүддеге ұйыстыратын бұл мерекенің мәні мен маңызын жеткізді.

Арнайы іс-шарада облыс әкімі зиялы қауыммен бірге «Жас ұлан» ұйымының қатарына қабылданған оқушыларға арнайы галстук тағып, қадамына сәттілік тіледі.

Мұнан кейін іс-шара авто-мото және велошерумен жалғасты. 20-дан астам жеңіл көлік, 10 мото, 200-ден астам велошабандоздар мерекеге көрік берді.

Ж.ҚАСЫМ

Республикалық «Ел тілегі» және «Жарасымды жанұя» журналына 2022 жылдың II жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр.

Бүгін оқырманды газетпен емес, газетті оқырманмен қамтамасыз ету қажеттілігі туған кезеңде сенімді, әрі шынайы ақпарат алғысы келген, елінің ғана емес, өзінің де тағдырына бей-жай қарай алмаған кез келген азаматтың басылымдарға жазылудан қалыс қалмасы анық. Ендеше, құрметті оқырман, бізбен бірге болып, басылымдарымыздан рухани ләззат алыңыз!

«Ел тілегі» газеті 6 айға – 2500 теңге
«Жарасымды жанұя» журналы 6 айға – 2850 теңге

Мәселе

БӘЙТЕРЕКТІКТЕРДІҢ БАЗЫНАСЫ БАР



Зибаш ӘЛИ

Қалаға қарасты «Бәйтерек» мөлтек ауданының іргесін қаланғанына 6 жыл болды. Тұрғындары тіршіліктері қолайлап, малын өсіріп, жанадан қоныстанып жатқандары да бар. Қопбалалы аналардың мекеніне айналған «Баламекен» дәл осы ауданның қалта бетіндегі іргесінде орналасқан. Аналарға арнап, мемлекет тарапынан салынған 100 пәтерлік бір типтегі үйлер, осы маңның сәнін келтіріп тұр. Сондай-ақ тастайдай тегіс жолдар, бағанаға

ілінген көше шамдары, орталыққа қосылған кәріз жүйесі, газ да өз кезегінде ел игілігіне берілген. Бірақ ауданның ішкі көшелерінің жолдары тегістелмеген, жарық шамдары жоқ. Бұл балалар мен үлкен кісілер үшін қиындық туғызады. Бәйтеректіктердің осындай базынасы бар. Олардың айтқан шағымдарын, талап-тілектерін тыңдайтын құлақтың жоқтығы қарныды ашытады. Тұрғындар Қ.Елеуұлының кезінен-ақ әкімшіліктің есігін тоздырып, арыз-шағымдарын айтудан шаршаған.

(жалғасы 3-бетте)



ТАРИХИ СӘТТЕГІ ТАҢДАУ

Тәуелсіз Қазақстан тарихында жалпыхалықтық дауыс беру осымен екінші рет ұйымдастырылды. Алғашқы референдум осыдан 27 жыл бұрын өттігі. Ел жылнамасында биылғы жылдың 5 маусымы ерекше оқиғамен есте қалары анық. Өйткені Жаңа Қазақстанды құруға көпшіліктің белсенді қатысқанын айтпай кетуге болмайды.

Жексенбіде өткен референдумның негізгі мақсаты – Конституцияға өзгеріс жасау. Ата Заңның 33 бабына 56 өзгеріс енгізу ұсынылғаны белгілі. Атаулы күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев №101 мектеп-лицейде орналасқан №263 референдум учаскесіне барып, дауыс берді. Саяси шарада қала тұрғындарымен бірге өз таңдауын жасады.

Облыста 378 референдум учаскесі ұйымдастырылса, оның 345-і ашық дауыс беру учаскесі болды. Оларды 3800-ге жуық байқаушы қадағалады. Ауа-райының ыстық болуына байланысты байқаушылар екі ауысымда жұмыс істеді.

«Партиялық емес байқау орталығы» – республикалық қоғамдық кеңестің филиалы. Орталықтың байқаушы болу тәжірибесі мол, яғни, бұған дейін өткен сайлауларда орталық байқаушылары белсенділік танытып жүр. Бұл жолы да солай болды. Әр байқаушыға құқықтары мен міндеттері туралы арнайы оқытылып, түсіндірілді. Әр учаскеде 10 байқаушыдан болды. Учаскелерде мобильді қаптан жұмыс істеді. Әр екі сағат сайын мониторинг жасалып отырды. Байқаушылар қоғамдық бірлестіктер өкілдерінен құралды. Олардың арасында 20-35 жас аралығындағы жастардың

белсенділігі жоғары болды. Біз соған қуандық. 27 жылда өткізілген референдум болғандықтан ба, халық өте белсенді атсалысты. Дауыс беру барысында ешқандай заң бұзушылықтар анықталған жоқ, – деді «Партиялық емес байқау орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиал төрағасы Жандос Тұсмағанбетов.

Қызылорда облысы жалпыхалықтық референдумның қорытындысымен дауыс беру көрсеткіші бойынша екінші орынға тұрақтады. «...Мұның бәрі мызғымас бірлігіміздің, тату-тәтті тірлігіміздің, қазақы болмысымыз бен жарқын болашаққа деген халықтың зор сенімінің арқасы деп білемін. Бұл ретте дайындық жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырған мемлекеттік орган, сайлау комиссиясы, қоғамдық ұйым қызметкерлеріне, ардагерлер мен зиялы қауым өкілдеріне, құқық қорғау органдарына, сондай-ақ, алдын ала түсіндірме жұмыстарына белсенді атсалысқан тұлғалар мен ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз еткен БАҚ өкілдеріне ризашылығымды білдіремін», – деді облыс әкімі.

«Ел тілегі» ақпарат

БИЫЛ АСТЫҚ ШЫҒЫМЫ БЫЛТЫРҒЫДАН ЖОҒАРЫ БОЛАДЫ

ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев биылғы егін шығымына қатысты болжам айтты. «Ауа-райының қолайсыздығына байланысты егін түсімі төмен болды. Биыл болжамдарыңыз қандай», – деп сұрады Премьер-Министр Үкімет отырысында.

Министрдің айтуынша, биыл ауа-райы дикандар үшін әзірге былтырғыдан қолайлы болып тұр. «Биыл көктемгі егін жұмыстарын біз оңтайлы мерзімде аяқтадық. Топыраққа жиналған ылғалды

сақтау жұмыстардың бәрі уақтылы, толықтай атқарылды. «Қазгидромет» маусым айына қолайлы болжам беріп отыр. Осы факторлардың бәрін ескере отырып, биыл астық түсімі көпжылдық

орташа деңгейде болады деп отырмыз», – деді ведомство басшысы.

Оның айтуынша, биыл егін шығымы былтырғыдан 15 пайыз жоғары болуы мүмкін.

«Соның ішінде бидайдың түсімі Ауыл шаруашылығы министрлігінің болжауы бойынша 13-13,5 млн тонна болады деп жоспарлап отырмыз. Маусым айында күтіп отырған жаңбыр уақтылы түссе, егін шығымы былтырғыдан 15 пайыз жоғары болады», – деді Ербол Қарашөкеев.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ «БАЙҚОҢЫР» КЕШЕНІНДЕГІ АРНАУЛЫ ӨКІЛІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысының өкімімен Қайрат Ырзақұлұлы Нұртай Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі лауазымына тағайындалды.

Нұртай Қайрат Ырзақұлұлы 1982 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданында дүниеге келген.

2004 жылы Қ.И.Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін инженер-механик, 2006 жылы Д.А.Қонаев атындағы университетін заңтану мамандықтарын тәмамдап, 2019 жылы Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясын бітіріп Мемлекеттік және муниципалдық басқару магистрі ғылыми дәрежесін алған.

Еңбек жолын 2004 жылы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мемлекеттік қызметті кадрлық қамтамасыз ету департаментінің жетекші маманы ретінде бастаған. 2005-2006

жылдары ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігі мұнай өнеркәсібі департаментінің жетекші маманы болған.

2006-2014 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің аға, бас сарапшысы, консультанты, сектор меңгерушісі (А корпусы); 2014-2015 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімінің мемлекеттік инспекторы. 2015-2018 жылдары Шымкент қаласы әкімінің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарған.

2018-2019 жылдары Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары қызметінде болды.

2021 жылғы шілде айынан бастап Қызылорда облысы Қармақшы ауданының әкімі қызметін атқарды.

Ал 2022 жылы 2 наурызда Қызылорда облысы әкімінің орынбасары болып тағайындалды. Бүгінгі күнге дейін сол қызметті атқарып келді.



Қазақ сыныптарына қабылдаудың ең жоғары көрсеткіші Қызылордада



Екі айдың ішінде балаларды 1-сыныпқа қабылдауға 250 мыңнан астам өтініш түсті. Оның ішінде балалардың 70,5%-ы мемлекеттік тілде оқуды таңдаған. Бірінші сыныпқа өтініштерді қабылдау 2022 жылғы 1 сәуірде басталып, 1 тамызға дейін жалғасады. Азаматтарға ыңғайлы болу үшін қызмет автоматтандырылды. Құжаттарды қабылдау egov.kz порталы арқылы жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ ата-аналардың өтініші бойынша құжаттарды дәстүрлі қағаз форматында да тапсыруға болады.

«Құжаттарды қабылдау шпаттық режимде жүріп жатыр. Осы ретте құжаттарды тапсыруда ата-аналардың белсенділігін байқауға болады. Биыл мемлекеттік тілде білім алғысы келетін 1-сынып балалары көбейді. Қазақ тілінде оқитын сыныптарға қабылдаудың ең жоғары көрсеткіші Маңғыстау (91%), Қызылорда (91,5%), Жамбыл (82,2%) және Атырау (80,1%) облыстарында тіркелді», – деді ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Кәрімова.

Жаңа оқу жылында 1-сыныпқа барлығы 400 мыңнан астам қазақстандық бала барады деп күтіліп отыр.

ҰБТ. 90 мыңнан астам талапкер тест тапсырды

Негізгі ҰБТ басталғаннан бері 90 мыңнан астам талапкер тест тапсырды. Оның ішінде түлектердің 74,7%-ы қазақ тілінде, 25,2%-ы орыс тілінде, 0,1%-ы ағылшын тілінде тестілеуден өтті. ҰБТ басталғалы шекті балды 67%-ға жуық талапкер жинады. Орташа балға келетін болсақ, ол 65 балл.

Талапкерлердің, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар талапкерлердің тестілеуді ыңғайлы тапсыруы үшін ҰБТ тапсыру уақыты 40 минутқа ұзартылды. Сонымен қатар, олар үшін сөзбе және диаграммаларсыз сұрақтар жасалды. Қабылданған паралар арқасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тестіленушілер саны артып келеді. Егер 2021 жылы негізгі ҰБТ-ға 90 бала қатысса, биыл үш апта ішінде тестілеуге ерекше білім беру қажеттілігі бар 310 бала қатысты.

Жалпы негізгі ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға 290 мыңға жуық өтініш келіп түсті. Естеріңізге сала кетейік, мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін ҰБТ 16 мамырда басталып, 2022 жылғы 5 шілдеге дейін жалғасады. Бұл ретте талапкерлер тестілеу орны мен уақытын өздері таңдады.

Биыл талапкерлерге ыңғайлы болу үшін алғаш рет ҰБТ-ның күнін, уақытын, орны мен бейіндік пәндерін еске салатын SMS жолданатын болады. Хабарлама ҰБТ-ға қатысушылардың өздеріне, сондай-ақ көмелеттік жасқа толмаған тестіленушілердің ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне жіберіледі.

Академиялық адалдықты сақтау мақсатында талапкерлердің тест нұсқасы таңбаланды. Яғни ҰБТ-ның әрбір қатысушысының жеке тест нұсқасы болады. Ережелерді бұзған және тест тапсырмаларын аудиториядан шығаруға талпынған жағдайда Ұлттық тестілеу орталығы ереже бұзушыларды анықтап, олардың нәтижелерін жояды.



119 талапкер смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып өту әрекеті салдарынан тест тапсыру мүмкіндігінен айырылды. Тестілеу кезінде ережелерді бұзғаны үшін аудиториядан 118 адам шығарылып, олардың нәтижелері жойылды.

Естеріңізге сала кетейік, ҰБТ-ға кіргізу үш деңгейлі жүйе бойынша жүзеге асырылады: Face ID жеке басын сәйкестендіру арқылы, жеке куәлік бойынша, сондай-ақ отырғызу орнында жеке басын сәйкестендіру жүргізіледі. Биыл тестілеу «1 компьютер – 2 камера – 1 тестіленуші» қағидаты бойынша өтеді. Егер бұған дейін тестілеу процесін әр компьютердің жоғарғы жағынан бақылап отыратын бір камера ғана болса, енді тестіленушінің жеке басын

сәйкестендіруге және бөгде адамдардың кіруіне жол бермеуге мүмкіндік беретін екінші (фронталды) камера орнатылған.

Өткен жылы Face-ID жүйесі мен бақылауды күшейтудің нәтижесінде бөгде адамдарды кіргізуге тырысқан 18 жағдай анықталды. Биыл біз алғаш рет бөгде адамдарды кіргізуге тырысу фактісін

тіркедік. ҰБТ-ның үшінші аптасында қатысушы өзінің орнына басқа тұлғаны жіберген. ҰБТ-ға кіргізу барысында Face-ID жеке басын сәйкестендіру жүйесі бөгде адамды анықтады. Тиісті іс-шаралар қабылданды, тестіленуші мен тестілеуге кіруге талпынған бөгде тұлға бойынша дерек құқық қорғау органдарына жіберілді, – деп атап өтті БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев.

Айта кетейік, талапкерлер тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде апелляцияға бере алады. Сертификат апелляция туралы шешім қабылданғаннан кейін тестіленушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

«Ел тілегі» ақпарат

Вакциналау мен ПТР растау талаптары алынып тасталады

Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының аумағында коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті.

Комиссия жұмысына мемлекеттік органдардың, «Атамекен» ҰКП өкілдері мен өңірлердің басшылары қатысты. Елдегі және әлемдегі эпидемиологиялық ахуалдың тұрақтауын ескере отырып, ведомствоаралық комиссия мынадай шешімдер қабылдады:

Бірінші: биылғы 8 маусымнан бастап ҚР азаматтары мен шетелдіктерге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде ревакцинация немесе COVID-19-ға қарсы вакциналаудың толық курсы

(COVID-19-ға қарсы вакциналау туралы паспортты/сертификатты/анықтаманы) құжаттық растау бойынша, ал олар болмаған кезде ПТР-тестілеудің теріс нәтижесі көрсетілген анықтаманы ұсыну талабы алынып тасталады.

Екінші: республиканың 7 өңіріндегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының жекелеген учаскелерінде уақытша жабылған 12 автомобиль өткізу бекетіне жұмыс істеуге салынған тыйым алынып тасталады.

Азия чемпионы атанды



Ливанның Джуния қаласында 1-5 маусым аралығында самбодан жастар мен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты өтті. Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсетіп, 80 келі салмақ дәрежесі бойынша қарсыластарына дес бермеген Шынар Абатова Азия чемпионы атанды.

Шынар Абатова – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 2-курс студенті. Самбо, дзюдо және қазақша күрестен ҚР спорт шебері. Бұған дейін ол самбодан Азия чемпионатының күміс жүлдегері, ҚР-ның үш дүркін жеңімпазы атанған. Спортшының алдағы жоспары – Әлем чемпионатына қатысып, ел мерейін асқасқату.

Айта кету керек, Азия чемпионы Шынар Абаатованы жанкүйерлері салтанатты түрде қарсы алды. Ел намысын қорғап, алтыннан алқа таққан жерлесімізге жиналған қауым ізгі-тілектерін білдірді.

Мәселе

БӘЙТЕРЕКТІКТЕРДІҢ БАЗЫНАСЫ БАР

Зибаш ӘЛИ

(Соңы, басы 1-бетте)

Алты жыл көп те уақыт емес, бірақ ел-жұрттың мәселесін шешуге жетерлік уақыт. 2016 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында халыққа жер телімдері берілді. Қазіргі таңда мұнда 2 мыңнан астам халық шоғырланған. Тіпті бүгіндері мемлекет тарапынан берілген жерлерге үй соғушылардың саны соңғы жылмен салыстырғанда екі есеге көбейген. «Жалдамалы пәтердің босағасын сағалап жүргенше, берілген жерімізге үй салып, өз үйімізде тұруды армандап келдік» деген Айнұр есімді тұрғынның сөзінің жаны бар. Осындай үмітпен қаншама отбасының көңіліне демесу болған ықшам ауданның қазіргі жай-күйі тұрғындарды қуантып отырған жоқ.

Жол мен мектеп күннің өзекті мәселесі. Шалбардың балағына шаңның оралатынын айтағанда жаяу жүргіншілердің лажсыздан кей күндері жаяулатып, Қызылорда-Жезқазған автомобиль жолдарына дейін баратын кездері жиі. Себебі, тас жолдардың кесірінен қоғамдық көліктердің сапасы сын көтермей бұзылууда. Әр көшеде атау болмағасын такси жүргізушілері мұнда аяқтары баспайды екен. Сағат сайын екі бағытта жүретін қоғамдық көліктердің тас төселген жолдарда жүруі жиі бұзылуына әкеп соқтыратын көрінеді.

«Жол азабын жүрген білер» демекші, азаның 6-30 дан бастап, кешкі 19-00-ге дейін қала мен Бәйтеректің арасына 5 рейс жасаймын. Қазіргі таңда жолаушылар көлігін тасымалдайтын мекемеден берілген бұл автобустардың сапасы нашар. Соңдықтан мынадай тас жолдарда тез бұзылып қалады. Бірақ, мүмкіндігінше кезектесіп жүрудеміз. Осы халықтың тілек-арыздары бойынша. Оқу жылы аяқталмамын дегенше арасы бір сағаттан екі автобус қатынадык, ал бүгінде екі бағатта біреу ғана жүреді, – деді қоғамдық көлік жүргізушісі.

Кезінде осы ықшам ауданынан жер берілетін тұста әр көшелерге орнатылатын жарықтар, жаяу жүргіншілерге арналған жолдар, тегіс сапалы асфальт көшелерді салу жоспарда бар екені айтылып еді. Бірақ, десе де біршама уақытты талап ететін инфрақұрылымдарды жүйеге келтіруге әкімдіктер асығар емес.

«Кеш түссе жаяулатып жұмыстан қайтуға қорқамыз. Мына жарығы жоқ



көшелерде жүрудің өзі қорқынышты. Себебі, Бәйтеректе қанғыған ит те, қолынан келсе қонышынан басып қалатын ұры-қарылар да көп дейді, – жергілікті тұрғын.

Жақында ғана мектеп қабырғасында оқитын оқушы баласының итке таланғанын еске түсірген ата-анасы бұл маңдағы жабайы иттердің көп екенін айтты. Бірнеше мәрте ит атағын мамандарды шақырғанымен қазіргі таңда иттерді бұрынғыдай жайрата салатын заңның жоқ екенін алға тартты. Жабайы, қанғыған иттерге таланған тұрғындардың мәселесі назарға алынып, құзырлы мекемелер жұмыс жасаса деген үміт бар.

Ит жеті қазының бірі болғанымен, далада егесіз жүргендерінің адамға келтіретін қауіпі орасан зор. Мұны білетін бәйтерек тұрғындары кішкентай балаларын ересектердің қарауынсыз мектепке жіберуге де қорқып қалған. Азулары ақсипып аш қасқырларша адамға тарпа бас салатын қанғыбас иттерге де тұсау салар әзірге шара болмай тұр.

Бәйтеректегі тағы бір түйінді мәселенің бірі 2020-2021 жылдардан бастап салынып жатқан мектептің құрылысы. Кезінде облыс және қала әкімдері мен депутаттар бірге барып, кіршішін қалаған мектептің сырты бүтін де іші түгін... Ұсқыны жылаған

баладай. Бұл мектепті Бәйтерекке қоныстанған жүзден аса отбасы күтіп отыр. Қаншама бүлдіршінің арманы. 2020 жылы «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы» бағдарламасы аясында «Қызылорда қаласы Жезқазған тас жолының бойында 600 орындық мектеп» Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі арқылы құрылысы басталған болатын. Бірақ, қарқыны ұзаққа бармаған мектептің бітер түрі жоқ. Жақында ғана құрылыс бөлімінің келіп кеткен мамандардың айтуынша, биылғы жылдың аяғына дейін мектептің құрылысы аяқталып, пайдалануға беріледі екен. Бұл жағымды жаңалыққа қуана қоймаған халықтың құлағы уәделерге әбден тойып біткен. Нақты жұмыс бітіп, сөзбен емес, іспен көрсетсе екен дейді.

«Балаларымыздың қала мектебіне қатынап білім алатыны қиындау. Бес баламның сабаққа баратын уақыттары да әр түрлі. Кей кездері қоғамдық көліктің уақыты сәйкес келмей, екі-үш сағаттап мектеп ауласында жүретіндері жасырын емес. Амаж жоқ, шыдап келе жатырмыз, – дейді көпбалалы ана.

Бүгін де қаладағы жұмыстарына қатынап нәпақасын тауып жүрген халықтың шамына тиген мәселе – ол ұрлық. Жаңадан құрылған аудан болғандықтан болар мұндағы халық

ауыл аймақтардан қоныс тепкен. Десе де бұны жақсы білетін ұры-қарылар есебін тапса үйлерді тонап, көдеге жарайтын заттарды ұрлап кетуге бейім. Бұл істердің аясында ықшам ауданның түндіз-түні тыныштығын күзететін аймақтық полициясы ұрлық істерге байланысты барлық дәлелдемелер жеті тексеріліп жатқанына хабарлар. Десек те, бөтеннің мүлкімен «майланьып» жүргендерді ұстап, шара қолданса болар еді.

Р:С Көштің жүре түзелетінін ескерсек, уақыт ағымына ілесіп қадамын басып келе жатқан Бәйтеректегі түйткіл деген мәселені тарқатқандай болдық. Айтылмағаны қаншама. Бір өкініштісі, күрмеуі қиын мәселелер ұзақ жылдар бойы жабуы күйінде қалып келеді. Жергілікті билік қараша халықтың өтініш-тілектеріне назар аударса дейміз.



FRANCIYA

«Әлем» атты қазақтардың жаңа қауымдастығы құрылды

Париж қаласында өтіп жатқан «Еуропа қазақтарының кездесу-құрылтайында» қазақтардың «Әлем» атты жаңа қауымдастығы құрылды.

«Отандастар қоры» қоғамына сілтеме жасап. Қауымдастықтың ашылу салтанатына ҚР Франциядағы төтенше және өкілетті елшісі Жан Галиев пен «Отандастар қоры» КЕАҚ Президенті Абзал Сапарбекұлы қатысып, алдағы жоспарларына сәттілік тіледі. Қауымдастықтың мақсаты – қазақтың ұлттық құндылықтарын дәріштеп, атамекен Қазақстанмен байланыстарды нығайту. Өткізіліп жатқан шараға «Әлем» қауымдастығының төрайымы Иманшева Зульфат Гильзакири мен вице-президенті Майра Скакова қатысты. Қауымдастық басшысы З. Иманшова шетелге кетіп, есімдері ұмытылған қазақ жұлдыздарын халыққа таныту мен қайтадан жаңғырту – қауымдастықтың басым бағыттарының бірі болатындығын айтты.

QITAY

Алғашқы орбиталық станциясының құрылысын аяқтайды

Құрамында үш тайконавт (Қытайда ғарышкерлерді осылай айтады) бар «Шэньчжоу-14» ғарыш миссиясы ҚХР-ның «Гяньгун» («Аспан сарайы») алғашқы орбиталық станциясының құрылысын аяқтайды.

CMSA мәліметінше, «Шэньчжоу-14» ұшырылатын ғарыш миссиясы негізгі «Тяньхэ» модулінен және «Вэньнянь» және «Мантянь» зертханалық модульдерінен тұратын базалық станциямен бірге құрылымы бар «Гяньгун» орбиталық станциясының құрылысын аяқтайды. Бұл миссияның экипажы алты ай орбитада болады. CMSA директорының орынбасары Лин Сицианның айтуынша, орбиталық станция Ұлттық ғарыш зертханасына айналады. Бортында экипажы бар «Шэньчжоу-14» ғарыш кемесі осы жексенбіде Қытайдың солтүстік-батысындағы Цзюцюань ғарыш айлағынан Бейжін уақытымен сағат 10:44-те ұшады. Негізгі модуль орбитада бір жылға жуық уақыт болды, осы уақыт ішінде екі басқарылатын және екі жүк ғарыш кемесін жақындастыру және түйістіру, экипаждардың станцияда бірнеше ай болуы сияқты миссиялар аяқталды. «Гяньгун» ғарыш станциясы 10 жылдан астам уақыт бойы 340-450 км биіктікте жұмыс істейді.

AKSH

Мұнай қорының азаюына байланысты баға көтерілді

Өткен аптада АҚШ-тағы коммерциялық мұнай қоры 5,07 миллион баррельге азайып, 414,73 миллион баррельге дейін төмендеді.

Бұған елдің энергетика министрлігінің апта сайынғы баяндамасы дәлел болып отыр. Сарапшылар мұнай қоры 2,1 миллион баррельге дейін төмендейді деп болжаған. Сәйесенбі күні сауда-саттық барысында Еуропа Одағы елдерінің басшылары Ресей мұнайының импортына ішінара тыйым салуға келіскендігі туралы хабарламаға байланысты мұнай бағасы көтерілді. Бейсенбі күні ОПЕК + отырысында қатысушылар жоспарланған 432 мыңның орнына шілде мен тамыз айларында мұнай өндіруді тәулігіне 648 мың баррельге арттыру туралы шешім қабылдады. Сарапшылар қазір шілде мен тамызға жоспар мақұлданған деп есептейді. Қыркүйекке қатысты мұнай өндірудің нақты жоспары әзірге жоқ. Лондондағы ICE Futures биржасында Brent сортының тамыз фьючерстері 22:25-ке қарай 0,89-ға қымбаттап, 117,52 долларға жетті. Нью-Йорк тауар биржасында (NYMEX) шілде айындағы фьючерс құны осы уақытта 0,86-ға артып, 116,49 долларға қымбаттады.

RESEY

Алтыншы санкциялар пакеті мақұлданды

Еуропалық одақ елшілері Ресейдің әскери қызметін қаржыландыру мүмкіндігін шектеуге бағытталған алтыншы санкциялар пакетін қабылдады.

Бұл шаралар ЕО-ға мүше елдерге Ресейден теңіз арқылы жеткізілетін шикі мұнайды 6 айға, сондай-ақ мұнай өнімдерін 8 айға сатып алуға тыйым салады. Санкциялар пакеті Сербанкті, Мәскеу кредиттік банкі және Россельхозбанк SWIFT халықаралық төлем жүйесінен ажыратуды, ресейлік компанияларға консалтингтік қызмет көрсетуге және бірқатар химиялық заттардың саудасына тыйым салуды қарастырады. Сондай-ақ санкция шаралары гимнаст, Олимпиада чемпионы Алина Кабаеваға, ондаған әскери қызметкерге және Ресей қарулы күштерін құрал-жабдықтармен, материалдармен және қызметтермен қамтамасыз етуші компанияларға қарсы қолданылатын болады.

Қылмыс пен жаза

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚ ЕЛ БОЛАШАҒЫ, ал ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ – ЖАЗА

Қылмысқа барған жасөспірімдердің арасында әртүрлі қылмыстың терең тамырлануы кімді болса да, алаңдатпай қоймайды. Құқықтық мемлекетке қадам басқан шақта қоғамға саналы адам қалыптастыру мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі болатын болса, ол міндетті іске асыруға басты мақсат жасөспірімді жаңа рухта, жаңа көзқараста тәрбиелеуден айқын көрінеді.

Бесіктен белі шықпай жатып, әрбір оғаш қадамына селт етпей сергек қараған жасөспірімдердің қылмыстық әрекетке баруына байланысты себеп не? Кім кінәлі? Қоршаған орта ма? Әлде мектеп пе? Әлде жүре түзеліп кетер деп қылмыстық әрекеттер істеген баласының әрекетіне немқұрайлы қарайтын ата-ана ма? Болашақ өмірі мен тағдырын бейтарап қалдырмайтын кез-келген адамның осы сұраққа жауап іздеуі белгілі.

Қылмысқа барған жасөспірімдерге топ құру, топ болып әрекет ету тән. Осындай жасөспірімдер ересек кісілермен салыстырғанда жалғыз өзі қылмыс жасауға өте сирек баратындығы практикалық тұрғыдан дәлелденген. Бұдан олардың өз-өзіне сенбеуі ғана емес, сонымен қатар олардың достық жөніндегі түсініктері теріс бағытқа ие болуына қарамастан, осындай достыққа ұмтылуын да байқауға болады. Көптеген қылмыстық істердің көмелетке толмағандар арасында бір немесе бірнеше рет қайта

қылмысқа баруы орын алып жатады. Мысал келтірер болсақ, Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында көмелетке толмаған айыпталушы А. соттың 16 ақпан 2022 жылғы үкімімен ҚК-нің 293-бабының 3-бөлігінің 2-тармағымен кінәлі деп танылып, 3 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған, ҚК-нің 63-бабы қолданылып, тағайындалған жаза шартты деп саналып, оған 1 жыл мерзімге пробациялық бақылау белгіленген. Содан соң, небәрі 4 күн өткеннен кейін, қылмыстық құқық бұзушылық қайталанды. Қайталанған қылмысында сотталушы А. балалардың төбелесіне өзімен бірге жасырын түрде пышақ алып барып, төбелес орнында жәбірленуші Р-дың арқа тұсынан бір мәрте соққы жасап, дене жарақатын салып, оқиға болған жерден бой тасалаған. Сотталушы А. өзінің жасаған қылмысын мойындап,



ол үшін өкінетіндігін айтты. Сонымен қатар, сотталушы А-ның жасаған қылмысын жәбірленушімен қоса куәгерлерде оқиға орнында болып, бәрін өз көзімен көргендерін айтты. Көмелетке толмаған сотталушы А. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 293-бабының 3-бөлігінің 2-тармағымен кінәлі деп танылып, 3 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалды. Және бұған дейінгі соттың 16 ақпан 2022 жылғы шығарған үкімімен көмелетке толмаған сотталушы А-ның шартты түрде соттаудың күші жойылды. Үкім заңды күшіне енген.

Өскелең ұрпақ ел болашағы десек, оның тәрбиесі мен тәртібі басты назарда болуы шарт. Теріс әдетке бет бұрып, жат ортаға түскен бозбаланың

болашағы жарқын болмайды. Сот отырысында көмелетке толмағандарға жаза қолданып, үкім шығарар алдында алдымен, қателігінен сабақ алуын, өкініш танытқан жасөспірімдерді түзету барысын назарға аламыз.

Қылмыстың өтеуі жаза екені белгілі. Ал, осы істен сабақ алып, болашаққа дұрыс бағдар қою ерлік. Сондай-ақ, мемлекетте әділеттік орнап, кез-келген адамның жәбір көрмеуін, қиянат жасамауын қылмыстық органдар басты назарда ұстай бермек.

К.БЕРЖАНОВ,
Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы



Республикалық "Ел тілегі" газетіне хабарландыру бергіңіз келсе, **8 771 693 31 81,**
8 705 982 76 61 нөмірлеріне хабарлассаңыз болады.

